

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 21 тамыздағы № 419 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволарын қайту ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 695 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін;

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресми жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Әлназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 419 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында басшылықты және оны іске асыратын, құзыреті шегінде реттеу, іске асыру, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауымен мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген

үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары бар.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитетке егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 10-үй, "Kazyna Towers" бизнес орталығы.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында реттеу, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру, құзыретінің шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін камтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) аумақтық бөлімшелерге медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құрады;

6) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

7) орталықтандырылған бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастырады;

8) Комитеттің алдағы қаржыландыру кезеңіне бюджеттік өтінімді қалыптастырады, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізеді (бюджетті нақтылау, түзету);

9) мемлекеттік сатып алу жоспарын іске асырады;

10) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тартады;

11) Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері саласындағы заңнамасын бұзатын мемлекеттік органдар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізеді;

12) төмен тұрған лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымы (шағымы) бойынша шешім шығарылғанға дейін олар қабылдаған актілердің орындалуын тоқтата тұру, күшін жою не оларды кері қайтарып алу;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

14) Қазақстан Республикасының медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы заңнаманың қолданылуына талдау жүргізу, медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында бақылау мен қадағалау функцияларын жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

16) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

17) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларын, сұратуларын, хабарламаларын қабылдау және қарау;

18) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

19) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау саласында өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді және есепке алу мен есептік құжаттама нысандарын әзірлейді;

3) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының келісімі болған кезде медицина қызметкерінің уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзғаны үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

5) мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

7) өз құзыреті шегінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

8) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамаларды қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

9) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында қадағалау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

10) астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын және олардың орынбасарларын аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;

11) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында мемлекеттік бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында қадағалау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

12) денсаулық сақтау саласында аккредиттеу қағидаларын әзірлейді;

- 13) денсаулық сақтау саласында аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу және аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін әзірлейді;
- 14) медициналық қызметтердің (көмектің) сапасын сараптау үшін тәуелсіз сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын әзірлейді;
- 15) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама, сондай-ақ оларға біліктілік талаптарын жүргізу кезінде тәуелсіз сарапшыларды және бейінді мамандарды тарту қағидаларын әзірлейді;
- 16) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу бойынша тәуелсіз сарапшылар қызметтерін көрсетуге денсаулық сақтау субъектілеріне қойылатын талаптарды әзірлейді;
- 17) жүкті, босанатын әйелдердің қайтыс болу жағдайлары, сондай-ақ босанғаннан кейін күнтізбелік қырық екі күн ішінде босанған әйелдер қайтыс болу жағдайы, пациенттерге жоспарлы медициналық көмек (медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер) көрсету кезінде олардың кенеттен қайтыс болу жағдайлары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру қағидаларын әзірлейді;
- 18) тәуелсіз сарапшылар тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды бірыңғай тізілімге енгізу және одан шығару негіздерін әзірлейді;
- 19) тәуелсіз сарапшылардың бірыңғай тізілімін жүргізеді;
- 20) астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;
- 21) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүргізетін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелеріне денсаулық сақтау субъектілері шағымданған кезде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 22) бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыру қағидаларын және оның қызметінің регламентін әзірлейді;
- 23) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;
- 24) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салада тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және жартыжылдық тексеру жүргізу графиктерін әзірлейді;
- 25) шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттау, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын әзірлейді;

26) көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілеріне аккредиттеу жүргізуді ұйымдастырады;

27) білім алушылардың, түлектер мен денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлылығына білім мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдарға аккредиттеу жүргізеді;

28) денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілеріне аккредиттеу жүргізеді;

29) денсаулық сақтау менеджерлерін сертификаттау бойынша басқару қызметіне даярлығын растауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға аккредиттеу жүргізеді;

30) денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіптік медициналық қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктерге аккредиттеу жүргізеді;

31) аккредиттеуден кейінгі мониторингті жүргізеді және денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алады;

32) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттілігіне аттестаттау жүргізу қағидаларын әзірлейді;

33) медициналық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

34) медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

35) медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын әзірлейді;

36) медициналық қызмет көрсету (көмек) саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын жоғары, орташа және төмен тәуекелдері бар субъектілердің (объектілердің) тізбесін әзірлейді;

37) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін айқындау, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оның қолданылу шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін айқындайды (қажет болған кезде);

38) медициналық оқыс оқиға жағдайларын (оқиғаларды) айқындау, оларды есепке алу және талдау қағидаларын әзірлейді;

39) денсаулық сақтау субъектісінің жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

40) денсаулық сақтау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жөніндегі аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

41) бекітілген графикке сәйкес босандыру ұйымдарының ерекше тәртібін жүргізу жөніндегі аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

42) денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметті жоспардан тыс бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

43) жеке және заңды тұлғалардың медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларын, сұратуларын, хабарламаларын қарайды;

44) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы нұсқаулықтарды, алгоритмдер мен регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

45) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі талаптарды орындайды.

46) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Комитет басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

15. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. Комитеттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Комитет басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес Комитет басшысының орынбасарын, Комитет жұмыскерлерін, Комитеттің астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық бөлімшелерінің басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамаға сәйкес іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ Комитет басшысының орынбасарын, Комитет жұмыскерлерін, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

3) Комитет басшысының орынбасарының, Комитет жұмыскерлерінің, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

5) Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

6) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

7) өз құзыреті шегінде Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

8) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

10) Комитеттің атынан Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға қол қояды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

19. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.

19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

20. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті".

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 419 бұйрығына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) медициналық

қызметтер (көмек) көрсету саласында басшылықты және іске асыруды, құзыреті шегінде функцияларын іске асыру, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

3. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

4. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

5. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. Заңды тұлғаның орналасқан жері - 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Академик Павлов көшесі, 60

8. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында реттеу, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құрады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы бақылау мен қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

8) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

10) әзірлемеге, медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

- 1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;
- 3) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының келісімі болған кезде медицина қызметкерінің уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзғаны үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қарайды;
- 5) өз құзыреті шегінде медициналық қызметтер (көмек) көрсету, саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;
- 6) өз құзыреті шегінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;
- 7) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамаларды қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;
- 8) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мемлекеттік бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы қадағалау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;
- 9) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүргізетін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелеріне денсаулық сақтау субъектілері шағымданған кезде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 10) астананың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыруға қатысады;
- 11) астананың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;
- 12) клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;
- 13) денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;
- 14) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттелген субъектілердің аккредиттеуден кейінгі мониторингін жүргізеді;
- 15) шетелдік маманға клиникалық практикаға жіберу үшін сертификатты беру мемлекеттік қызметті көрсетеді;

16) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы қадағалау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

17) денсаулық сақтау саласындағы жарнаманы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

15. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, Департамент жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

3) Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

5) өз құзыреті шегінде Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

8) заңнамаға сәйкес Департаменттің атынан жеке және заңды тұлғалардың талаптары мен арыздары бойынша шешім қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

19. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 419 бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) медициналық қызметтер (көмек) көрсету бақылау саласында басшылықты және іске асыруды, құзыреті шегінде функцияларын іске асыру, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

3. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

4. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

5. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 60.

8. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында реттеу, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құрады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы бақылау мен қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

8) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

10) әзірлемеге, медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

3) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының келісімі болған кезде

медицина қызметкерінің уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзғаны үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қарайды;

5) өз құзыреті шегінде медициналық қызметтер (көмек) көрсету, саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

6) өз құзыреті шегінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

7) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот-медициналық, сот-наркологиалық, сот-психиатриялық сараптамаларды қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

8) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мемлекеттік бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы қадағалау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

9) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүргізетін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелеріне денсаулық сақтау субъектілері шағымданған кезде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) астананың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыруға қатысады;

11) астананың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;

12) клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

13) денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

14) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттелген субъектілердің аккредиттеуден кейінгі мониторингін жүргізеді;

15) шетелдік маманға клиникалық практикаға жіберу үшін сертификатты беру мемлекеттік қызметті көрсетеді;

16) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында бақылау, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы қадағалау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

17) денсаулық сақтау саласындағы жарнаманы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

15. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

18. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді, Департамент жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

3) Департамент басшысының орынбасарын, Департамент жұмыскерлерін лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

5) өз құзыреті шегінде Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

8) заңнамаға сәйкес Департаменттің атынан жеке және заңды тұлғалардың талаптары мен арыздары бойынша шешім қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам орындайды.

Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

19. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 21 тамыздағы
№ 419 бұйрығына
4-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында басшылықты және іске асыруды, құзыреті шегінде функцияларын іске асыру, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

3. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

4. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

5. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 030007, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 9Б.

8. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласында реттеу, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

13. Өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұратады және алады;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінеді;

3) өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құрады;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы бақылау мен қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

8) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

10) әзірлемеге, медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын бақылау мен қадағалау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

